

“Астана Медициналық университеті” АҚ
Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау №1

СӨЖ

Тақырыбы: Жанұя демографиялық саясаттың объектісі ретінде. Денсаулық қалыптасуындағы жанұяның рөлі. Физикалық даму тұрғындар денсаулығының көрсеткіші ретінде.

Орындаған: Нариман А.Қ.

ҚДС 505-топ

Тексерген: **Байгенжеева Р.**

Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1. Жанұя демографиялық саясаттың объектісі ретінде.
2. Денсаулық қалыптасуындағы жанұяның рөлі.
3. Физикалық даму тұрғындар денсаулығының көрсеткіші ретінде.

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Демографиялық саясат - елдегі және аймақтағы халық санын реттеуге бағытталған мемлекеттің ішкі саясатының бір саласы. **Халық саны** - кез келген елдің дамуының аса маңызды факторы. Сондықтан мемлекет бұл саладағы мәселелерге көз жұмып, елемей қоя алмайды. Ол елде халық санының өсуіне жағдай тудырады немесе оны қандай да бір жолдармен шектейді, әлде бұл мәселеге нақтылы араласпай, оның табиғи жолмен реттелуін бақылайды. Нақтылы негізделген **Демографиялық саясат** жүргізу үшін, әдетте, жүйелі түрде халық санағы жүргізіліп отырады. **Демографиялық саясат** шеңберінде халық құрамы мен құрылымы, өсуі мен өлімі, оның жұмысбастылығы, көші-қон мәселелері шешіледі. Белсенді **Демографиялық саясат** жүргізу дамыған және дамушы елдерге бірдей өзекті әрі маңызды болып табылады. Көптеген дамушы, әсіресе, халық саны көп елдерде қазіргі адамдардың өмір сүру деңгейі одан әрі құлдырап кетпеуі үшін адамның табиғи өсімін шектеуі, ал, дамыған елдерде керісінше, бала тууға ынталандыру шаралары жүзеге асырылады.

Негізгі бөлім

Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі - жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Жас ұрпақтың тәртіпті, саналы, жан-жақты дамыған, шығармашылықпен жұмыс істей білетін азамат болып қалыптасу үшін ата-ананың рөлі зор.

Отбасы - адамзат бесігін тербететін ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. Отбасыдағы тәлім-тәрбиенің мақсаты - баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасыдағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- Отбасыдағы баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау.
- Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын артыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету.

«Отбасы денсаулығын қорғау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылмақ. Бұл – отбасын жоспарлау, аурулардың алдын алу, әйелдер мен ерлер, балалардың созылмалы ауруларын емдеу мен оңалту, андрологиялық қызметтерді ұйымдастыруды жетілдіру, ерлердің репродуктивті жүйе ауруларын заманауи емдеу мен профилактикасының тиімділігін арттыру шаралары»



Салауатты өмір дегенді қалай түсінесіздер?



Физикалық даму тұрғындар денсаулығының көрсеткіші ретінде

Қазіргі таңда, физикалық даму, халықтың және жеке адам денсаулығының негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Физикалық даму дегеніміз, адам ағзасының морфологиялық және функционалдық комплексін айтамыз (олар: дененің формасы, тығыздығы, пішіні және т.б.).

Физикалық даму, келесі параметірлерді көрсетеді: антропометриялық (дене салмағы, дене ұзындығы және т.б.); соматоскопиялық (дене бітімі, тургор, аяқтардың пішіні, кеуденің пішіні және т.б.); физиометриялық (пульс, дем алу жиіліктері, өкпенің өмірлік сыймдылығы, артериалдық қысымының көрсеткіштері және т.б.).

Денсаулық сақтау саласында, антропометриялық өлшемдер ақпаратты болғандықтан, қарапайым және қолжетерлік болғандықтан, туылғаннан бастап, ересектікке дейін міндетті. Антропометриялық өлшемдер деректері, вариациялық – статистикалық талдаудан өтіп, олардан вариациялық қатарлар, регрессия теңдеулер және т.б. өлшемдер құрастырылады.

Соматоскопиялық зерттеулер кезінде, дене пішініне көңіл аударғаны жөн (балалардың габитусын байқау ғана емес), олар жалпыға танымал критерилер - нормостеникалық, гипертоникалық, гипостеникалық дене бітімінің типтері; атлетикалық (бұлшық еттік тип), тыныстық, аралық және т.б. Дене бітімінің анықтау және бағалау негізінде, антикалық заманнан бері дамып келе жатқан медициналық бағыт – биотипология деп аталады. Гиппократпен анықталған, дене бітімдерінің клиникалық типтерін үлгі ретінде алып, биотипология қазіргі таңда, анатомиялық және физиологиялық, әсіресе нейроэндокриндік констеляциялардың қалпімен санасады (Н.Ленде – ұзартылған астенический, гиперстеникалық, қысқартылған астеникалық немесе гиперстеникалық типтер және т.б.). Дене бітімін анықтаумен бірге, терінің, шырышты қабаттың қалпін (түсі, құрғақтылық, ылғалдылық және т.б.), тері тургорын (тері қатпарын) және тағы басқа белгілер.

Алынған мәліметтер сигмальды бағалаумен, арнайы физикалық дамудың кестелермен, әр-түрлі жас кезеңдеріне жүргізіледі.

Балалардың арасында осындай көзқарас, солардың ішінен нормаға сәйкес және ауытқулары бар балаларды анықтау керек. Соматикалық типтің 5 түрі бар: 1) дамудың және бойдың баяу типі; 2) дамудың баяу типі 3) дамудың және бойдың орта типі; 4) дамудың шапшаң типі; 5) дамудың және бойдың шапшаң типі. Осы типологияның негізінде морфологиялық статустың және жыныстық даму деңгейінің байланысы жатыр. Әдістемеге сәйкес, баланың физикалық даму деңгейін, стандарттармен салыстыру. Балалардың жастық даму темптері бағаланады. Бала мен жасөспірімдердің денсаулығын зерттегенде, регрессия кестесі бойынша бойдың, салмақтың, кеуденің шеңберінің көрсеткіштерін бағалау әдісі кеңінен таралған. Жеке көрсеткіштердің индивидуалды белгілері әр-түрлі: мысалы, адамдардың бойы бірдей болғанымен, салмағы және кеуде шеңберінің көрсеткіштері кең шамаларда ауытқуы мүмкін. Индивидуалдық көрсеткіштердің әр-түрлік өлшемін, регрессияның сигмасы сипаттайды, ол регрессия коэффициентін санағанда қолданылады (дене салмағының, дене ұзындығына қатынасы, көбейтілген корреляция коэффициентіне). Регрессия коэффициентін білсек, регрессия сигмасын және регрессия теңдеуін қолданып, регрессия шкаласын құруға болады. Осы есептеу принциптерін қолданып, физикалық даму стандарттары құрылады, олар бала бойының саламағына, кеуде шеңберіне, отырғандағы бойын және т.б. көрсеткіштерді бір – біріне қатынасын салыстыра аламыз. Регрессияны зерттеулерде қолданып, белгінің шамасы өзгергенде, басқа белгінің өзгеруінің шамасына байланысты.

Қорытынды

Қорытындылай келе демография үшін бастысы – халықтың қоғам дамуымен өзара ықпалдасуы болып табылады. Демография әлеуметтік-экономикалық процесс заңдылықтарының жалпы халықтың ұдайы өсуіне ықпалын ғана емес, керісінше халық өсімінің қоғам дамуына тигізетін әсерін де зерттейді. Әсіресе, бұл жерде еңбек ресурстарының құрамы мен қозғалысының, сондай-ақ халықтың тұтынушы ретіндегі үлес мөлшерінің терең зерттелуі аса маңызды рөл атқарады.

Қортындылап айтқанда, халықтың физикалық дамуының параметрлерін, диспансерлеу үрдісі кезінде бағаланады, бұл ғылыми жағынан дәлелденген. Физикалық даму қалпін толық және сауатты зерттегенде, ауру сипатын тез арада білуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бигалиева Р.К., Исмаилов Ш.М.. Социальная медицина и управление здравоохранением: Учебник (на государственном языке). — Алматы, 2001.-371 с.
2. Аканов А.А., Куракбаев К.К., Чен А.Н., Ахметов У.И. Организация здравоохранения Казахстана. — Астана-Алматы, 2006. — 232 с.
3. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».
4. Медик В.А., Юрьев В.К. Курс лекций по общественному здоровью и здравоохранению. Часть 3. Экономика и управление здравоохранением. — М.: Медицина, 2003. — 392 с.
5. Миняев В.А., Вишняков И.Н. Общественное здоровье и здравоохранение: Учебник для студентов мед. вузов. - М.:«МЕДпресс-информ», 2006 — 528 с.